

**"Ағаш кесу және орман билетін беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 05 қыркүйектегі N 206 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 қазанда N 2690 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 тамыздағы N 212 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.08.2013 N 212 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745, «Орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 403 қаулыларына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Сапарбаев*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 05 қыркүйектегі № 206  
қаулысымен бекітілді

**«Ағаш кесу және орман билетін беру»  
мемлекеттік қызмет  
регламенті**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады;

2) орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар қажеттігі үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады;

3) орман пайдалану - орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745, «Орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 403 қаулыларына сәйкес әзірленді.

3. «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) осы Регламентке 1 қосымшаға сәйкес орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 18-бабының б) тармақшасының, 36-бабының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 1287, «Мемлекеттік орман қоры аумағында орманды жанама пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1268, «Ағаш кесу мен орман билетінің нысандарын, Ағаш кесу және орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 1511 қаулыларының негізінде көрсетілетін болады.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз тасымалдауышта ағаш кесу және (немесе) орман билетін беру немесе жазбаша нысанда оларды беруден дәлелді бас тарту болып табылады.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызметті алу үшін мекенжайлары осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелеріне жүгіну қ а ж е т .

8. Мемлекеттік қызметті орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері күн сайын, демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, сағат 12.00-ден 13.00-ге дейінгі түскі үзілісімен, мемлекеттік қызметті сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен көрсететін « Өскемен орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен б а с қ а л а р ы к ө р с е т е д і .

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөнінде, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты, тұтынушы мекенжайлары осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген облыстың орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінен, және Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 40 мекенжайындағы Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан (бұдан әрі - Басқарма), телефоны 57-94-68, факсі 26-14-56, Басқарманың e-priroda.gov.kz интернет - ресурсынан ала а л а д ы .

10. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде көрсетіледі:

1) тұтынушының осы Регламенттің 15 тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 3 ( ү ш ) ж ұ м ы с кү н і і ш і н д е ;

2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің ең көп шекті уақыты - 30 (отыз) м и н у т ;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең көп шекті уақыты - 30 ( о т ы з ) м и н у т .

11. Осы Регламенттің 15 тармағында көрсетілген құжаттарды толық көлемде ұсынбау мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету сатылары:

1) құжаттарды тексеру және қабылдау, оларды тіркеу;

2) тапсырылған құжаттардың толықтығын және ресімделуінің дұрыстығын тексеру, ағаш кесу және/немесе орман билетін (телнұсқасын) жазып беру, не дәлелді б а с т а р т у д ы д а й ы н д а у ;

3) ағаш кесу және/немесе орман билетіне, не дәлелді бас тартуға қол қою

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің жұмыс кестесі негізінде жұмыс күні ішінде бір тұлға жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әрекеттер тәртібінің (өзара әрекеттестіктің) сипаттамасы**

14. Тұтынушының құжаттарды тапсырғанын растайтын құжат тіркелген күні мен нөмірі және мемлекеттік қызметті алған күні көрсетілген талон болып т а б ы л а д ы .

15. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды тапсыруы қ а ж е т :

- 1) ағаш кесу билетін алу үшін:  
еркін нысанда жазылған өтініш;  
тендердің нәтижесі туралы хаттама;  
ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты;  
орманды пайдаланғаны үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген ставкалар мен мерзімдерге сәйкес ақы төлегенін растайтын түбіртек;
- 2) орман билетін алу үшін:  
еркін нысанда жазылған өтініш;  
тендердің нәтижесі туралы хаттама (бір жылдан артық);  
ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты;  
с о н ы ң і ш і н д е :  
жанама орман пайдалануды ғылыми мақсаттарға жүзеге асыру үшін (алғаш рет өтініш жасалғанда) қосымша тапсырылады:  
бейімдеуші ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан нотариалды расталған үзінді көшірмесі және ғылыми-зерттеу жұмыстардың бағдарламалары;  
дәрілік шикізатты алу кезіндегі негіздеу материалдары (биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы);  
мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге а с ы р у ғ а :

орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерімен жасалған шарттың кө ш і р м е с і .

16. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі - ҚФБ):

1) кеңсе маманы;

2) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы;

3) орман пайдалану жөніндегі инженер.

17. Әрбір ҚФБ әкімшілік әрекет жасау (рәсімінің) кезектілігі мен өзара іс-қимылдарының кестедегі мәтіндік сипаттамасы осы Регламентке 2 қосымшада берілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін сұлба осы Регламентке 3 қосымшада берілген.

19. Оларға сәйкес мемлекеттік қызмет нәтижесі ұсынылатын ағаш кесу және орман билетінің нысандары «Ағаш кесу мен орман билетінің нысандарын, Ағаш кесу және орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 1511 қаулысымен бекітілген.

## **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жуапкершілігі**

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету барысында өздерінің қабылдаған шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапты болады.

«Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1 қосымша

## **Шығыс Қазақстан облысының орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

Ұйымның атауы	Занды мекенжайы	Байланыс телефондары
«Асу-Бұлақ орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	071601, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Асу-Бұлақ Жаңа орман шаруашылығы	8-72338-7-83-52
«Үлкен Нарын орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	070900, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен-Нарын ауылы, Шулятиков көшесі	8-72341-2-13-42
«Верх-Уба орман шаруашылығы»		

коммуналдық мемлекеттік мекемесі		071802, Шығыс Қазақстан облысы, ауданы, Верх-Уба ауылы, Киров көшесі, 42	Шығыс Қазақстан Шемонаиха ауылы,	8-72332-6-11-65
«Зайсан шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	070700, Шығыс Зайсан ауданы, Құнияров көшесі, 21	Қазақстан ауданы, қаласы,	8-72340-2-16-82
«Зырян шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	070814, Шығыс Зырян ауданы, Малеевск кенті, Бұқтырма көшесі, 39	Қазақстан ауданы, кенті,	8-72335-2-47-40
«Күршім шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	071200, Шығыс Күршім ауданы, Тоқаев көшесі, 3	Қазақстан ауданы, ауылы,	8-72339-3-18-81
«Риддер шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	071302, Шығыс Риддер аудан, шаруашылығы кенті	Қазақстан қаласы, Орман	8-72336-5-64-04
«Марқакөл шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	071217, Шығыс Күршім ауданы, Ұранхай ауылы	Қазақстан ауданы,	8-72330-4-43-33
«Малая Уба шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	070506, Шығыс Глубокое ауданы, Быструха Новостройка көшесі, 39	Қазақстан ауданы, ауылы,	8-72331-2-73-98
«Пихта шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	071302, Шығыс Риддер аудан, Кедровская көшесі, 11	Қазақстан қаласы,	8-72336-3-04-41
«Самар шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	071010, Шығыс Көкпекті ауданы, Қайыңды ауылы	Қазақстан ауданы,	8-72333-2-79-44
«Черемшанка шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	орман	070522, Шығыс Глубокое ауданы, Черемшанка Вокзальная көшесі, 13	Қазақстан ауданы, ауылы,	8-72331-3-91-37
«Өскемен шаруашылығы»	орман			

коммуналдық мемлекеттік мекемесі	070004, Шығыс Облысы, Токтаров көшесі, 40	Шығыс Өскемен	Қазақстан қаласы,	8-72322-6-89-42
----------------------------------	---	---------------	-------------------	-----------------

**«Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызмет регламентіне**  
2 қосымша

**1 кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы**

Негізгі үдерістің әрекеттері (жұмыстың барысы, ағыны)			
1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	2	3
2	ҚФБ атауы	Кеңсе маманы	Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) олардың сипаттамалары	Өтінішті, қажетті қабылдау, құжаттарды көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстыру, журналға тіркеу	Ұсынылған құжаттармен танысу
4	Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдастыру-өкімету шешімі)	Тұтынушыға талон беру	Қарар қою
5	Орындалу мерзімдері	30 минут	1 күн

**кестенің жалғасы:**

Негізгі үдерістің әрекеттері (жұмыстың барысы, ағыны)				
1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Орман жөніндегі инженер	Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы	Орман пайдалану жөніндегі инженер
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамалары	Ұсынылған құжаттардың толықтығын және ресімделуінің дұрыстығын тексеру, кесу және/немесе орман билетін жазып беру, не	Ағаш және/немесе орман билетіне, дәлелді тартуға қою	Тұтынушыға ағаш кесу және/немесе орман билетін, не бас қол

		дәлелді тартуды дайындау	бас		дәлелді тартуды беру	бас
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкім шешімі)	Жазылып берілген кесу және/немесе орман билеті дайындалған дәлелді тарту	ағаш не бас	Қол қойылған ағаш кесу және/немесе орман билеті дәлелді бас тарту	Тұтынушының ағаш кесу және/немесе орман билетіне қол қоюы	
5	Орындалу мерзімдері	1 күн		1 күн	30 минут	

## 2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

Негізгі үдеріс (жұмыстың барысы, ағыны)			
Кеңсе маманы	Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы	Орман пайдалану жөніндегі инженер	
№ 1 әрекет. Өтінішті, құжаттарды қабылдау, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстыру, журналға тіркеу (30 минут)	№ 2 әрекет. Ұсынылған құжаттармен (1 күн)	№ 3 әрекет. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және ресімделуінің дұрыстығын тексеру, ағаш кесу және/немесе орман билетін жазып беру (1 күн)	
	№ 4 әрекет. Ағаш кесу және/немесе орман билетіне не, дайындалған дәлелді бас тартуға қол қою (1 күн)	№ 5 әрекет. Тұтынушыға ағаш кесу және/немесе орман билетін беру (30 минут)	

## 3 кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

Баламалы үдеріс (жұмыстың барысы, ағыны)			
Кеңсе маманы	Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы	Орман пайдалану жөніндегі инженер	
№ 1 әрекет. Өтінішті, құжаттарды қабылдау, көшірмелерді түпнұсқаларымен	№ 2 әрекет. Ұсынылған құжаттармен (1 күн)	№ 3 әрекет. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және ресімделуінің	



салыстыру, журналға (30 минут)	тіркеу		дұрыстығын дәлелді бас дайындау (1 күн)	тексеру, тартуды
	№ 4 Дәлелді қол (1 күн)	әрекет. бас тартуға қол қоя	№ 5 Тұтынушыға дәлелді бас тартуды (30 минут)	әрекет. бас беру

«Ағаш кесу және орман билетін беру»  
 мемлекеттік қызмет регламентіне  
 3 қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік  
 әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты  
 көрсететін сұлба**

